

**Абишева Айгерим Кенжебаевна 6D120100 –«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық жұмыс мал індетінің алдын алу шараларын күшейту, вакцинациялау және диагностикалау жүйесін жетілдіру, мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ветеринариялық биотехнологияның дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2024-04-24» жыл № 11983185-1 «Аукцион (с 2022)» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	Зерттеу нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады. Зерттеу жұмысы барысында бірқатар жаңашылдықтары бар. Өзірленген жасушалық вакцинаның экономикалық әсері миллиондаған теңгемен есептеледі. Себебі, жылқының ринопневмониясына қарсы профилактикалық іс-шараларды жүргізу жылқы шаруашылығы саласының қарқынды дамуына әсер етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысының мақсаты, мазмұны мен орындалу деңгейі диссертациялық еңбекке қойылатын ғылыми талаптарға сай келеді. Ізденіс барысында докторанттың дербес ғылыми жұмыс жүргізе алатыны және зерттеу барысын толық қамтығаны анық байқалады. Зерттеу жұмыс жоспарланған мақсат-міндеттерге қол жеткізіліп, алынған ғылыми нәтижелер терең әрі кешенді түрде қарастырылған. Қортындылардың негізділігі пайдаланылған дереккөздердің сенімділігімен дәлелденеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты дәлелденген. Қазақстан

	<p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Республикасы үшін жылқы ринопневмониясының профилактикасының жаңа құралдарын әзірлеудің өзектілігі ел экономикасының жылқы шаруашылығы саласының әлеуметтік-экономикалық сұранысынан туындайды, өйткені жоғарыда аталған инфекция аса қауіпті індет тобына жатады және жылқы шаруашылығы саласы үшін әлеуметтік-экономикалық мәселе туындатады. Сондықтан ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың талаптарын сақтау және сезімтал жануарларды вакцинациялау жылқы шаруашылығы саласының жоғары экономикалық әсері мен өсуіне, сондай-ақ елеулі оң әлеуметтік экономикалық нәтижелерге әкеледі.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеудің тақырыбы, мақсаты, міндеттері және қорғауға ұсынылатын тұжырымдары бір-бірінен туындалған. Әрбір тарау алдыңғы бөлімнің қисынды жалғасы ретінде, қойылған мәселені шешуге қызмет етеді. Жұмыс барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар диссертацияның кіріспесінде жарияланған міндеттерге толық жауап береді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Бір-бірімен байланысты. Орындалу барысы жүйелі.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде негізгі биологиялық және молекулалық-генетикалық қасиеттері зерттеліп, жылқы ринопневмониясына қарсы вакцина жасауға үміткер «АК-2011» жылқы ринопневмониясы вирусының авирулентті штаммы алынған. —жылқы ринопневмониясы вирусына түрлі алғашқы трипсинделген және дамылсыз көбейетін жасуша өсінділерінде үздіксіз пассаж жүргізу арқылы сезімталдығы зерттеліп, таңдалған жасуша өсіндісінде белсенді көбеюге бейімделді және тұрақты жоғары белсенді вирустық массаны алуға мүмкіндік беретін вирусты</p>

		өсірудің ең оңтайлы режимі дайындалған. –жылқы ринопневмониясына қарсы жасушалы құрғақ вирусвакцинаның эксперименттік үлгілері жасалып, иммунобиологиялық қасиеттері сынақтан өтті.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, нәтижелері берілген. Отандық өнім болып табылады. Сыни талдау бар, бұрынғы әдістермен салыстырылған.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа деп айтуға болады. Вакцина дайындаудың жаңа технологиясы, жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде негізгі биологиялық және молекулалық-генетикалық қасиеттері зерттеліп, жылқы ринопневмониясына қарсы вакцина жасауға үміткер «АК-2011» жылқы ринопневмониясы вирусының авирулентті штаммы алынды.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ішінара жаңа.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторанттың ғылыми жұмысының негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған қорытындылар Scopus Q1 базасына кіретін, процентиль 99-ды құрайтын «Transbound Emerg Dis.» журналында жарияланған.
7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	Диссертация жұмысы бойынша алынған нәтижелер дәлелді. Тривиалды емес. Бұған дәлел жарияланған мақалалар.


	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Зерттеу жұмысының қолданылуы аясы өте ауқымды. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми және оқу үрдісіне енгізу актілері толықтай жасалған.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін</p>	<p>Әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және толықтай расталған.</p>

		<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, дереккөздерге сілтемелер бар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп есептеймін
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа, келесі ұсыныстар ұсынылған:</p> <p>1. Жылқы ринопневмониясына қарсы құрғақ «RinoVac» вакцинасының нормативтік-техникалық құжаттамасы әзірленді. Бұл құжаттама барлық қажетті талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының ветеринариялық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес дайындалды және ҚР АШМ ВБЖҚК «ВБҰРО» ШЖҚ РМК-да тіркелді (НТК).</p> <p>2. Вакцинаға ҚР-да ресми қолдануға мүмкіндік беретін № ҚР-ВП 1-4083-19 тіркеу куәлігі берілді. Бұл куәлік вакцина клиникалық сынақтардан өтіп, қауіпсіздік және тиімділік көрсеткіштері бойынша талаптарға сәйкес екендігін растайды.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының ветеринариялық тәжірибесінде жылқы ринопневмониясына қарсы құрғақ вирусвакцинанан қолдану бойынша арнайы нұсқаулық әзірленді. Нұсқаулықта вакцинация жүргізу мерзімдері, дозалары, егу әдістері көрсетілген. Бұл ұсыныстар жылқы шаруашылығында індеттің алдын алу бағдарламаларын тиімді ұйымдастыруға және инфекциялық процессті бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p>	Академиялық жазу сапасы орташа. Ізденушінің ғылыми жұмысында

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	академиялық адалдық сақталған. Әрбір қолданылған дереккөздерге толықтай сілтеме жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс толықтай жүйелі жазылған. Айқын көрінетін, зерттеу нәтижелерін сипатын төмендететіндей қателіктер байқалмады. Термин сөздердің аудармаларын дұрыстау керек еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 7 ғылыми жұмыс, оның ішінде 1 мақала Scopus Q1, процентиль 99), базасына кіретін «Transbound Emerg Dis.» журналында жарияланған, 3 мақала - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған. Жылқы ринопневмониясына қарсы вакцинаның технологиясы, жасуша өсіндісін өсіру жайлы жарияланған. Диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Абишева Айгерим Кенжебаевнаның «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы ғылыми және тәжірбиелік мәні жоғары. Ұсынылған жұмыстың авторы 6D120100 –«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,
ветеринария ғылымдарының кандидаты,
биопрепараттардың дайын түрлерінің
технологиясы зертханасының меңгерушісі



- Баракбаев К.Б.

К.Б. Баракбаевтың қолын растаймын
«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
бас ғалым хатшысының м.а.



Садикалиева С.О.

мерзімі « 14 » мамыр 2015 ЖЫЛ